2 тур
Қазақ тілі тапсырмалары

1.Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз:
A) Есік ашық
B) Кітабы ашық
C) Тоңазытқыш ашық қалыпты
D) Қолы ашық
E) Терезе ашық.

2.Ауыспалы мағынада тұрған сөз: ***Таудың басында аппақ қар жатыр***.
A) Таудың.
B) Басында.
C) Қар.
D) Жатыр.
E) Аппақ.

3.Омоним бола алатын сөзді көрсетіңіз.
A) Ертең
B) Сегіз
C) Арық
D) Отыр
E) Көйлек

4.Етістіктерден синонимдерді көрсетіңіз.
A) Үлкен, зәулім.
B) Қуану, шаттану.
C) Бағалы, құнды.
D) Күшті, мықты.
E) Ақылды, зерек.

5. Б. Момышұлы кім?
A) Сазгер әнші
B) Суретші-сәулетші
C) Жауынгер жазушы.
D) Әнші әрі биші
E) Қайраткер әрі ғалым

6.Мақал-мәтелдерді сәйкестіріңдер:

a)Тіл жетпейтін	1)дүниенің сәні
b)Тілдің құлпы-	2)үйлесе біледі
c)Сөйлесе білген	3)тіс
d)Тәтті сөз	5)түпкір жоқ
e)Сөз –	6)тас балқытады

7.Берілген сөздерді синонимдерімен сәйкестендіріңіз:

a) Әдемі	1)Мол
b) Білімді	2)Кең пейілді
c) Ақ көңіл	3)Сауатты
d) Өтірік	4)Жалған
e) Көп	5)Көркем

8.Берілген сөздерді антонимдерімен сәйкестендіріңіз:

a)Ірі	1)Кеш
b)Ерте	2)Аз
c)Көп	3)Жалқау
d)Еңбекқор	4)Баяу
e)Жылдам	5)Ұсақ

9. Мәтінге сәйкес келетін атауды таңда:

a)Достық түрлері
b) Достық ерекшеліктері
c) Достық – ұлы құндылық
d) Дос табу оңай
e)Досы көптің жауы жоқ

Дүниедегі ең ұлы сезімдердің бірі – достық. Қандай да бір қиындыққа тап болсаң, оны досыңмен бөлісіп, досыңның ақылын тыңдап, шешім таба аласың.

Достық адамдардың ең алдымен бір-біріне сенуінен басталады. Сенім артқан сайын, достық та қатая түседі. Ал бір-біріне сенімі жоқ болса да, өздерін дос санайтындар бар, ол жалған достық: бірде бар, бірде жоқ. Халықта «Алтын берген – дос емес, ақыл берген – дос» деген мақал бар. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Дос табу оңай, ал оны сақтау қиын. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді.

10. Бірнеше дұрыс жауабы бар тест. Қазақша ұлттық киім атауларын белгіле:

A) Сауық
B) Сәукеле.
C) Камзол
D) Сандық
E) Кебеже.
F) Тақия
G) Бөрік

Тест жауаптары

1.D

2.B

3.C

4.B

5.C

6.a – 5; b) – 3);c) – 2); d) – 6); e) – 1)

7.a) – 5);b) – 3); c) – 2);d) – 4); e) – 1)

8.a) – 5); b) – 1); c) – 2);d) – 3); e) – 4)

9.c)

10.B, C,F,G